

МАЙДАНДЫҚ ЖУРНАЛИСТ ТҮЙМЕБАЙ ӘШІМБАЕВТІҢ ҚУҒЫН-СҮРГІНГЕ ҰШЫРАУЫ

Искакова К.И. *философия ғылымдарының кандидаты, профессор*
Оразаев С.Б. *Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті, Астана қ.*

Түймебай Әшімбаевты 1818 жылы 20 мамырда Жамбыл облысы Шу ауданының Жаңа-Қоғам ауылында дүниеге келген. Мектеп бітіргеннен кейін Қырғызстанның Фрунзе қаласындағы қаржы-экономикалық техникумға түсіп, оны үздік аяқтаған. 1938 жылы оны, оқу озаты ретінде, Ленинградтың қаржы-экономикалық институтына емтихансыз қабылданған

Ленинградтың осы институтында үздік оқып жүрген оны өз сұрауы бойынша Ленинград қаласының Куйбышев аудандық әскери комиссариаты Қызыл Әскер қатарына шақырды. Осылайша, Т.Әшімбаевтің әскери қызметі 1941 жылдың 3 шілде айында басталды. Ол әуелі қатардығы жауынгер, кейін майданның Саяси басқармасының саяси қызметкері болады.

1941 жылдың тамыз айында Ленинград әскери қимылдың тікелей орталығына, сұрапыл қан майданға айналады. Ленинградты бүкіл ел, барлық ҚСРО халықтарының ұл-қыздары қорғады. Қаланы қорғауда ерекше батылдық пен батырлық танытқандар ішінде қазақ жауынгерлері де болды.

Атағы әлемге әйгілі Пулково обсерваториясы тұрған төбенің арғы етегіндегі алғы шепте - Ленинград еріктілерінен құрастырылған 13 дивизия қорғап тұрған жерде 1941 жылдың күзінде қалаға кіруге жанталаса ұмтылған фашистермен сұрапыл соғыс болған. Осы төбені алса жаудың қол астында ұлы қала түгел қалатын еді. Осы төбе үшін болған көп шайқастың бірінде майдан қолбасшысы маршал К.Ворошилов винтовканы ұстай сала жауынгерлерді шабуылға өзі бастаған көрінеді. Нәтижесінде жау тойтарылып, Пулково төбесінен әрі жарты шақырымға ығыстырылған. Жаудың қалаға ең жақын өкпе тұсына қазақтар қорғаныс шебін ұстап тұрды.

Қазақтардың Ленинград майданында көптігін, әрі жақсы соғысып жүргенін, олардың арасында үгіт-насихат жұмысын жақсарту қажеттігін, әсіресе егде тартқан қазақ жауынгерлерінің орысша білмейтіндігін ескеріп, Ленинград майданы әскери кеңесінің ұсынысымен Қызыл әскердің Жоғарғы Саяси Басқармасы Ленинград майданында қазақ тілінде газет шығаруды ұйғарды, онда қызмет істейтін адамдарды іздестіруге кірісті. Ленинград майданының «На страже Родины» газетінің редакторы М.И.Гордонның естелігінде: «И вот я на Каменном острове, где расположилось Военно-политическое училище фронта. Беседую с будущими политработниками – казахами. Замечательные ребята... Но газетчиков среди них нет. Значит, придется учить их газетному делу, начиная с азов... В кабинет вошел широкоплечий казах, еще совсем молодой человек с характерным прищуром умных глаз. - Курсант Туймебай Ашимбаев, - отрекомендовался он. До войны студент третьего курса Ленинградского финансово-экономического института. Этот, пожалуй, годится, - обрадовался я, поговорив с

Ашимбаевым. Он хорошо говорил по русски, был начитан, неплохо разбирался в военном деле», - деп айтылған [1]. Сөйтіп, Түймебай Әшимбаев, Бейсен Жұмағалиев, Ақмұқан Сыздықбеков деген үш жауынгер жігіттер майданның қазақ газетін шығару үшін іріктеліп алынады. Түймебай - аудармашы, Ақмұқан - тілші, Бисен - әдеби қызметкер, әрі корректор қызметін атқарады.

Ленинград майданының қазақ тіліндегі «Отанды қорғауда» газетінің бірінші номері 1942 жылдың 7 қаңтарында шығарылады. Ол оңайға түскен жоқ еді. Алдымен, газеттің «На страже Родины» деген атын қазақшалаудың өзі қиынға соғады. Түймебай Әшімбайұлы: «Біз Отанды қорғап жүрміз. Сондықтан біздің газеттің аты «Отанды қорғауда» болады» - деп ұйғарады.

Ең қиын мәселе қазақ әріптерін табу болады. Ақыры, әріптердің екі комплекті Ғылым Академиясының топографиясынан табылады. Әріп терушілерді табу да біраз қиындық әкеледі. Қазақ тілін білетін ешкім жоқ. Көп іздеп, көп үгіттегеннен кейін Анна Степанова деген егде тартқан әйел әріп терушілік қызметке келіседі. Жетісіне үш рет аудандық газеттің форматымен төрт бет болып шығатын газетті әрбір әріпті кассадан алып, теріп шығу инемен құдық қазғанға тең болса да, бірақ Анна Степановна тез арада бұл жұмысты игеріп алады. Ол әйелді жігерілендірген – редакция қызметкерлері – қазақ жігіттерінің жауға деген ымырасыз ашу-ызасы, жеңіске деген үлкен үміті үшін күндіз – түні өздерін аямай атқарған ерен еңбектері болатын.

Газеттің тұңғыш номері «Октябрьдің жеңістерін қорғаймыз! деген басмақаламен басталады. А. Сыздықбеков майдандас досы Саңгерей Мұхамедьяровтың ерлігі туралы мақаласы, Төлеген Махмудовтың «Жауға ешқандай рахым жоқ» деген хаты және белгілі ақын Николай Тихоновтың «Ұлы Ленин қаласы» деген мақаласы жарияланады. Мақалада Н.Тихонов өз мақаласында қазақ жауынгерлерін Ленинградтың революциялық, еңбек дәстүрлерімен таныстырып, Нева жағасындағы қала тұрғындарының ерлік істерін баяндап береді. Ол қазақтардың жақсы соғысып жүргендігін, Қазақстанның үлкен көмегін айта келе, жүз жастағы кемеңгер Жамбылдың үн-ұраны ерлікке, тайсалмас жігерге бағыштағандығын, Ұлы Жәкең Ленинградтың қаһарман қорғаушыларының алдыңғы шебінде тұрғанын айтып ерекше тебіренеді. Ленинград майданында шығатын «Отанды қорғауда» газеті тақырыптары әр саланы қамтиды. Мұнда: үкімет пен партия басшыларының ресми хабарламалары, үндеулері мен жауынгерлерге арналған хаттары; қазақ ақын-жазушылары туралы мақалалар, олардың жырлары мен өлеңдері; қазақ батырлары туралы әңгімелер; Ленинград майданы жауынгерлерінің ерліктері мен күнделікті өмірі туралы хабарлар; жауынгерлерге арналған әскери сабақтар мен кеңестер, т.б. мақалалар жарияланып тұрды.

Ленинград майданындағы қазақ жауынгерлері өздерінің туған тілдерінде газеттің шыға бастағанына үлкен ризашылықпен қабылдады, қуанғандықтарын айтып редакция ұжымына үнемі хат жолдап тұрған. Мысалы, «Біздер, қазақ жауынгерлері, қазақ газетін оқып, біздің газетіміз

калай, қайдан шықты деп таң қалдық. Бұл газет қазақ жауынгерлері, әсіресе орысша білмейтіндер үшін, біздің майданда шығатынын айтты. Біз бұған өте қуанып қалдық, әрі ризашылық білдіреміз», - делінген. 55-ші армияның солдаттары мен командирлері Ленинград майданының саяси басқармасына жолдаған бір хатында. Әрине, мұндай ризашылық хаттар «Отанды қорғауда» газетінің жаңа табыстарға қанаттандырып, қаламдарын одан әрі үшкірлеуге жігерлендірді. Сонымен бірге, қандас майдангерлердің хаттары майданның көптеген сағаттарға созылған артиллериялық атқылауларын; жиі болып тұратын әуе бомба жарылыстарын; үйлердің құлауын; балалар, кәриялар мен әйелдердің тірідей жер астында қалып немесе аштықтан құлап өлуін көру сияқты жан түршігерлік соғыс қияметтеріне күн сайын шыдауға, қиындықты жеңуге өз септігін тигізді. «Отанды қорғауда» газетінің қандай ауыр жағдайда шығып тұрғандығын белгілі ақын Н.Тихонов газеттің кезекті санына берген мақаласында: «Бомба редакция үйінің жанында жарылып жатты, снарядтар редакцияның төңірегіндегі үйлерге және редакцияға түсіп тұрды. Газеттің қызметкерлері корабльдегі теңізшілерге ұқсап, баспаханадағы машиналардың жанында тұрды. Өртегіш бомба түсіп, газет басылатын қағаздарды жандырды, бірақ адамдар өртпен күресіп, оны жеңіп шықты. Қағаз өртенуден сақталынып қалынды.

1941-1942 жылдың ауыр қысында редакция жаңа қиыншылықтарға кездесті. Адамдар суықпен, аштықпен күресті. Олар сығырайған білте шамның жарығымен суық бөлмеде отырып, газетті шығарып тұрды. Майданды жаяу аралап, тілшілер ауыр жол кешіп, газетке мақаланы шығарып тұрды.

Газеттің әрбір нөмері ең маңызды бағыттарға, көптеген «алақандай» жерлерге, майдан жолдарына, окоптарға, мерген позицияларына, батареяларға, аэродромдарға жетіп тұрды. Газет майдан жауынгерлерімен біте қайнасып, оның аты жауынгерлерге өте қадірлі болды. Газет қызметкерлері майданнан шықпай, жауынгерлермен тығыз байланысып отырды, сондай-ақ майдан да өз газетін жақсы білді. Редакцияға майданшылар келіп жүрді. Тек 27 ай ішінде редакцияға отыз мыңнан астам хат келді», - деп баяндайды [2, 15 б.].

«Отанды қорғауда» газетін бастап шығарған Т.Әшімбаев, Б.Жұмағалиев, А.Сыздықбеков үшеудің үстіне кейін аға саяси жетекші Аболла Мадалиев қосылады - газеттің жауапты редакторының орынбасары; К.Усманов - редактордың орынбасары, ал А.Тұрғанов – тілші. Осы аты аталған редакция қызметкерлерінің ішінде «Отанды қорғау» газетіне еңбегі ең көп сіңген, «газеттің отымен кіріп, күлімен шыққан», газет шығарудың барлық қиындығын көрген – Түймебай Әшімбайұлы болды. Сөзіміз дәлелді болу үшін Т.Әшімбайұлының майдангер досы, «Отанды қорғауда» газетінде иық тіресе еңбек еткен әріптесі Бисен Жұмағалиевтің естеліктеріне назар аударайық. Ол: «Газетке жауапты редактор М.И.Гордон, оның орынбасары А.Мадалиев қол қояды. Байыпты да, салмақты адам. Бірақ газет шығару жайынан тіпті хабарсыз. Әбекең ағамыз орысша түгіл, қазақша материалдарымызды қарап шығудан ала қашады. Баяғы ауыртпалық

Түймебайдың мойнында болды. Газетке баратын материалдардың бәрін орыс тілінен Түймебай аударды. Орысша ойлағанымызды жеткізу Түймебайдан басқаларымызға ол кезде қиын-ақ еді.

Газетіміз Жоғарғы Бас командашының бұйрықтарын аударып басатын болды. Бұл аса жауапты мәселе еді, Бір әріптің дұрыс қойылмауынан кеткен қате трибуналға апаруы мүмкін-ді. Әріп терушіміз жоғарыда айттық біздің тілімізден мүлдем хабарсыз. Түймебай өте жауапкершілікпен, асқан білгірлікпен И.В.Сталиннің бұйрықтарын аударуды игеріп алды. Көптеген саяси, әскери терминдерді аударғанда олардың мағынасын барынша толық жеткізуге тырысты...

Алғашқы кезде көп мақалаларымыз орысшадан аударылатын. Тек қана Ақмұқан жазған жауынгерлердің ерлік хроникалары сол күйінде жарияланатын. Бірақ оны редакторға көрсету үшін Түймебай орысша аударып шығатын.

1943 жылдың ортасынан бастап, орысшадан аударып тек қана официозды басатын болдық. Қалған материалды өзіміз қазақша әзірлеп, бұрынғыдай орысшаға аударып машықаттанудан құтылдық. Тек, М.И.Гордон ғана емес, майданның саяси басқармасының сеніміне ие болдық. Біз өзіміздің ой-пікіріміз бойынша жұмыс істеуге мүмкіндік алдық. Ал осының бәріне Түймебайдың еңбекқорлығы мен іскерлігі, жоғары лауазымды адамдар алдында өз пікірлерін тайсалмай айтатын, білгірлігі себеп болғаны анық», - деп Т.Әшімбабайұлының іскерлік қасиеттерін сипаттады. Б.Жұмағалиев Т.Әшімбабайұлының журналистік қызметіне: «Советтер Одағының Батыры Сұлтан Баймағанбетов жөнінде бірінші жазған да Түймебай. Сұлтанның ерлігін естіп, ол қызмет еткен әскери бөлімге тез жетіп, оның жауынгер достарының аузынан естігенін айтып, көңілі қобалжып, қайран Батырым-ай деп толғанып жүрді. Ленинград майданында жүрген жалғыз қазақ ұшқышы Саид Жылқышевті тауып алып, ол жөнінде очерк жазды. Керекулік Ислям Намазбаев рота командирі еді. Басқа ерліктерін былай қойғанда капитан бүтін көптің көзінше танкке қарсы ататын мылтықтан жаудың самолетін атып түсіргенін Түймебай газетке жазды. Ленинград жеріндегі партизан отрядтарының құрамында ерлігімен шынайы құрметке бөленген Төлеубек Қайырбековты тауып алып, суретімен газетке берді. Ленинград майданының саяси басқармасының тапсыруымен 1943-1945 жылдарда «Қазақтар Ленин қаласы үшін ұрыстарда», «Ленинград Батырлары» деген екі жинақша кітап жарық көрді. Оларды шығаруға да Түймебай белсенді араласты.

Ленинград майданындағы қазақ жауынгерлерінің қазақ халқына хаты Түймебай Әшімбабай ұлы жазды. Ол хат Ленинградтың барлық газеттерінде, «Социалистік Қазақстан», «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланды» - деп жазды [3]. Белгілі тарихшы, ғылым докторы, профессор Х.М.Әбжанов майдангер Т.Әшімбабайұлының «Отанды қорғауда» газетіне сіңірген еңбегі туралы: «Ардақты ағаның ғалымға тән болмысы, зерек ақылы, байқампаздығы, ізденіштігі 1942-1945 жылдары «Отанды қорғауда» газетінде жариялаған мақалаларында тайға таңба басқандай көрініп тұр. 24-25 жасар

офицердің қаламынан туған шағын суреттемелерден жан-жақты білім мен жүйелілікті байқау қиын емес.

Алғашқы тырнақалды дүниесі газеттің 1942 жылғы 25 қарашадағы санында басылыпты. Ол «Ленинград үшін» деп аталып, бірнеше іргелі мәселелерді көтеруімен ерекшеленеді. Алдымен Нева жағалауындағы қаланы көп ұлтты кеңес халқының ұл-қыздары жан аямай қорғап жатқаны сөз болады. Содан кейін бұл қаланың революция бесігі екені еске салынады.

« ... мерген Сәрсембай Рүстембековтың ерлік жолына бірнеше рет оралғанын айта кеткен жөн. 1944 жылғы «Қыр қыраны» атты мақаласында мергеннің 279 немісті жер құштырғаны мадақталады. Өкініштісі - мерген қазақтың омырауына алтын жұлдыздың қадалмағаны. Оның кімге тиесілі екенін, әрине, Түймекең білген жоқ емес, білді. Жоғарыдағылардың назарын аудару үшін қайта-қайта жазды», - деп атап көрсетеді.

Х.Әбжанов Т.Әшімбаевтың жазған мақалалардың ғылыми құндылығын, тарихнамалық, тарихи қырларын: « Сонымен бірге, майдангер журналистің азаматтық позициясы мен зерттеушілік қарымын «Батырлар дәстүрі» мақаласы айшықтап тұр. Турасын айтсақ, бұл -саликалы зерттеу. Оның деректік негізін даланың ауызша тарихнамасы құраған. «Дүние жүзінде ерлікті қазақ халқындай көп жырлаған ел жоқ», дейді кіші лейтенант Т.Әшімбаев. Ат төбеліндей ғана қазақты аға халықтан да жоғары қойған осынау ой түйін сталинизм тұсында арыстанның аузынан жем алғанмен парпар болса, бүгінде «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарық көріп жатқан 100 томдық «Бабалар сөзі» сериясымен толық дәлелденді. Мақалада батырлар институтының хронологиялық ауқымы тым әріде жатқаны дәйектелген...»[4, 26 б.].

Әрі қарай: «Газет беттерін парақтай отырып, болашақ академиктің тарихи фактілерге асқан жауапкершілікпен қарағанына куә болдым. Мәселен, 1942 жылғы 5 желтоқсанда жариялаған мақаласында 1936 жылы қабылданған кеңестік конституцияны тілге тиек қыла отырып, XX ғасыр қарсаңындағы Қазақстанда хат танитындар үлесі 7,8% болғаны алға тартылады. Соғыстан кейінгі жылдарда осынау көрсеткіш аяусыз бұрмаланғаны белгілі. Қалың-қалың зерттеулерде революцияға дейінгі қазақтардың сауаттылығы 2% ғана деген тезис «дәлелденумен» болды», - деп ашып берді [4, 25 б.].

Т.Әшімбаевтың «Отанды қорғауда» газеті беттерінде басқа жазғандары да жетерлік. Оларда жауынгерлер мен офицерлердің ерлік жолдары, тағдыры, қуанышы мен қайғысы, майдан мен тылдың бірлігі айтылады. Мергендер С.Рүстембеков пен Д.Шыныбековтың, қызыләскер Қ.Дабыловтың, пулеметші Р.Селбаевтың, капитан И.Намазбаевтың, ұшқыш С.Жылқышовтың, сапер Құбашевтің, лейтенант Түркпенбаевтың қанды майдан жорықтары суреттеледі.

Т. Әшімбаевтың жеке басының «Отанды қорғауда» газетіне сіңірген еңбегі осындай. Ал, «ұлтшыл» деген жала жабылып, жазықсыз айыпталуына келетін болсақ, майдангер досы Б.Жұмағалиевтің айтуы бойынша, 1944 жылдың күзінде редакцияға тағы бір қызметкер - лейтенант А.Бақтыгереев

келеді. Майданның саяси басқармасында істейтін капитан Фельд А.Бақтыгереев пайда болғаннан кейін редакцияға келе беруді әдетке айналдырады. Бір келгенде ол қолында кішкене қара чемодан ұстап келіп, «рұқсат болса тастап кетейін, ертең келіп алармын» дейді. Редакция қызметкерлерінің кейін түсінгеніндей, сөз жазатын аппарат болып шығады.

«Редакцияда «Қазақ ұлтшылдарының ұйымы құрылған, оны басқарушы үштік бар», соны әшкерелеу үшін А.Бақтыгереевті біздің ішімізге енгізген, оның үстінен қарайтын капитан Фельд. Біз саяси қызметкер деп жүрген Фельд үш әріптің тергеушісі екен», деп жазады Б.Жұмағалиев [3; 42].

Мәселе былайша өрбіген. 1945 жылдың 31 қазанында шыққан газеттің бірінші бетінде Саяси Бюроның мүшесі А.А.Андреевке БК (б)П Орталық комитетінің құттықтауы берілген. Онда екі әріптің орны ауысып кетіпті. «Андреев» аршынды әріптермен терілген. Бұл әдейі жасалған әрекет (провокация) болуы мүмкін. Сол номердің корректурасын оқыған А.Бақтыгереев екен. А.Андреевтің фамилиясының екі әрпінің ауысып кетуі саяси қате, соны әдейі жіберген деген желеумен 1945 жылдың қараша айында редактордың орынбасары Карим Усманов, жауапты хатшысы Түймебай Әшімбайұлы, тілші Асылхан Тұрғанов ұсталып, түрмеге жабылған.

Т.Әшімбайұлын «қазақ ұлтшылы», «Кенес Өкіметіне қарсы қылмыс жасады» деген өтірік жаламен Ленинград әскери округінің әскери трибуналы 1946 жылдың 19 қаңтардағы үкімімен 6 жылға бас бостандығынан айырады. Заңсыз репрессияға ұшыраған Т.Әшімбайұлы 1951 жылы түрмеден босағаннан кейін де 1953 жылға дейін өз құқықтарынан алшақтатылған болатын. Ал, А.Тұрғанов пен К.Усманов – 8 жылға бас бостандығынан және 3 жылға азаматтық құқықтарынан айырылды. Т.Әшімбайұлының бірнеше қайтара шағымдануы арқасында 1956 жылы ҚСРО Бас прокуроры 1946 ж. үкімге қарсылық білдіріп, 1957 жылдың 7 сәуірінде ҚСРО Жоғары Соттың Пленумы Т.Әшімбайұлын айыптайтын үкімді жойып, оны толық ақтады. Қылмыс құрамы жоқ болғандықтан, іс тоқтатылды.

Сөйтіп, Т.Әшімбайұлының қолы бостандыққа жетті. Сұрапыл соғыс жылдарындағы еңбегі әр жылдары «Қызыл жұлдыз», II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Ленинградты қорғағаны үшін», «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Германияны жеңгені үшін» сияқты медальдармен марапатталды.

Түймебай Әшімбайұлы, тек өзіне ғана тән, парасаттылығы мен ақылдылығы арқасында майданда, одан кейін қамауда өткізген жылдарына өкінген, ренжіген емес. Оған 1944 жылғы 21 маусымда жазған мына жолдары айғақ: «Біз үш жылдан бері қан майданда жүрміз. Бұл үш жылдың әрбір күнін бейбітшілік жылының жүз күнімен теңеуге болмайды. Оның есесіне біз көпті көрдік, ұмытылмайтын, мәртебемізді арттыратын өмір сабағын үйрендік. Біз өзгеріп, ер жеттік». Тағы бір естелігінде: «... вырос от солдата до офицера, заслужил правительственные награды; невольно приобрелся, хотя и в малой степени, к журналистике, что имело пожалуй, немаловажное значение для моей научной деятельности», - деп жазды.

Түрмеде отырған жылдардың оң, жарқын жақтары туралы: «...свои положительные моменты. Мне часто приходилось встречаться со многими людьми, интересными во многих отношениях. Как ни парадоксально, их взгляды на нашу действительность, были противоположны тому, что им приписывалось. Эти люди производили впечатление по уровню, человечности, знаниям, опыту жизни и своим нравственным качествам, достойным подражания. Мне в этой ситуации повезло тем, что прошел и школу добрых чувств», - деп жазды [3; 6]. Ал бірінші некедегі қызы Наталья: «Напротив, отец всегда помнил и любил своих старых товарищей по институту и тех, с кем он сблизился в лагере. А там было немало интересных людей. Так, во время редких своих приездов в Ленинград, он всегда навещал Т.Г.Гнедич, переводчицу Байрона, поэтессу (известно, что значительная часть перевода «Дон Жуана» была сделана ею в лагере)», - деп асқан мейіріммен және құрметпен еске алады [3; 62].

Бұл келтірілген үзіндірілдерден Т.Әшімбайұлының адами қасиеттерінің тағы да бір қырлары ашылып тұр ғой деп ойлаймыз. Олар – төзімділік, қарапайымдылық, басқа адамдарды сыйлай білу, олармен тіл табысуы. Аталған қасиеттер кез келген адамның бойынан табыла бермейді, шыққан тегіне, тәрбиеленген ортасына, әр адамның өз-өзіне деген сыни көзқарасы, өз-өзіне үлкен талап пен міндет қою арқылы келетін және тек тұлғаларға тән қасиеттер.

Тарих бетіне көз жіберсек, өмір жолы бүгінгі ұрпаққа өнеге, халқының болашағына, елінің ертеңісіне еңбек етіп, аянбай тер төккен, осы бір ұлағатты өмірнамада өзінің орнын тауып, үлес қосқан аяулы ағаларымыз, асыл тұлға, ардақты азаматтарымыз жетерлік. Олар тек кешегі қазақтың басына нәубет туған өткен ғасырларда ғана емес, Ұлы Отан соғысы жылдары, кеңестік тоталитарлық жүйенің күшіне еніп, қаһарын төгіп тұрған 50-80-ші жылдарда да өзінің туған Отанына, ұлтына деген сүйіспеншілігін көрсете алды, азаматтық көзқарасын қаймықпай, ашық айтып, ел намысын қорғай білді. Т.Әшімбайұлы солардың қатарына жатқызуға болады. Т.Әшімбайұлының өмірінің әскери кезеңі, оның қанды қырғынның нақ ортасында жүріп қазақша газет шығаруы, нақақтан айыпталуы, қиындық көруі, ол қиындықты қажымастан жеңіп шығуы Т.Әшімбайұлын ерекшелендіреді, ұлықтатады.

Майдан газетінде ерлікті, батырлықты жырлаған, Т.Әшімбайұлының соғыстан кейінгі өмірі ерлік пен батырлықтың үлгісі. Экономика ғылымдарының кандидаты, докторы деңгейіне жетіп, профессор, академик ғылыми атағын тез арада иеленуінде майдан кезіндегі шыңдалып, шыныққаны көп әсер етсе керек.

Адам қауымдасып өмір сүргеннен бастап, өз қоғамын, өлкесін, табиғатын сүйген, ұнатқан. Соларға деген айрықша сезімді бойына сіңірген. Кейін отаншылдық сезімі біртіндеп, саяси мән-мазмұн ала түскен. Патриотизм гректің «patris» - отан, ел – деген сөзінен шыққан. Кейінірек бұл термин Отанға, елге, туған жерге деген сүйіспеншілікті білдіретін жиынтық ұғымға ұласқан. Патриотизм дегеніміз - өз Отанына деген сүйіспеншілік, өз

халқына берілгендік, өз Отанының мүддесі үшін кез-келген құрбандық пен ерлік жасауға дайын тұрушылық дейтін болсақ, осы қасиетті сезімдерді өз бойына жинақтаған Т.Әшімбайұлы - өз Отанын, халқын, өз ұлтын шексіз сүйген нағыз патриот, ұлт патриоты деп санаймыз.

Т.Әшімбайұлы «Отанды қорғауда» газеті арқылы қазақ жауынгерлерін Отанға сүйіспеншілікке тәрбиеледі, олардың бойында немісті жек көрушілікті арттырып, жеңіске жігерлендіріп, ұлттық намысын оятты. Ленинград майданында соғысқан әр қазақ жауынгерлерінің ерлік істерінде Т.Әшімбайұлының үлесі зор.

Майдангер ағаның күйеу баласы, экономика ғылымдарының докторы, профессор Р.Алшановтың: «Ал, Түймекендер болса, сол сұрапыл соғыс жылдары жандарын шүберекке, бастарын қатерге тіге жүріп, кездескен қандай да болсын қиындықтарға мойымай қазақша газет шығарған. Сондықтан, Түймебай Әшімбайұлын алғашқы әскери журналистер қатарына жатқызуға болады. Әрі ұлт намысын ту етіп көтеріп, қазақ жауынгерлеріне жоғары рух пен қайрат беріп отырған газет редакциясындағы қызметі үшін қудалауға ұшырағанына қарамастан, 1942-1945 жылдары аралығында шығарылған мерзімді басылымды елге алып келген жауынгер-журналистің еңбегі ерлікпен пара-пар деп ойлаймыз», - деген мына сөздері толық құптауға тұралық [4;32]. Шындығында, редакция алқасы «Отанды қорғауда» газетін кәсіби деңгейге көтере білді. Газет беттерін парақтай отырып жарияланған мақалалардың стиліне; мәнұнына; саяси, ұлттық, патриоттық мағнасына; әскери ұғымдардың дұрыс берілуіне таң қалып, риза боласың. Ленинград майданында соғысқан жауынгер қазақтардың ұлттық сезімін ұштаған «Отанды қорғауда» газетін шығару ісі – майдандағы өзге ұлт өкілдеріне үлкен өнеге болып, халқымыздың Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерлігі тарихының айтулы бір белесі болып табылады.

«Ұлы Отан соғысы біздің халқымыздың, аға буын өкілдерінің, біздің әкелеріміз бен аналарымыздың биік рухын, ерлігі мен қаһармандығын күллі әлемге танытқан қасиетті соғыс болса, Ұлы Жеңіс аға ұрпақтың сол ұлы ерлігіе мәңгілік ел жадында сақтауға арналған ең қастерлі мереке», - атап көрсетті Қазақстан республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Ұлы Жеңістің 60-жылдық мерей тойына арналған салтанатты жиналыста [5]. Ал, 2017 жылдың сәуір айындағы мақаласында Елбасы: «Өткен ХХ ғасыр халқымыз үшін қасіретке толы, зобалаң да зұлмат ғасыр болды. ...тарихтың ащы сабағын түсініп қана қоймай, өзіміз күнде көріп жүрген қазіргі құбылыстардан ой түйіп, болашақтың беталысына қарап, пайым жасай білу де айрықша маңызды», - деп атап көрсетті [6]. Шындығында да, Ұлы Жеңіске қол жеткізуге үлес қосқан – Түймебай Әшімбайұлы сияқты Ұлы тұлғалардың есімі ұрпақтар жадында сақталып, үлгі бола беруі маңызды деп санаймыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Гордон М.И. Невский, 2, Лениниздат, 1976г. 194-197б.б.
2. Отанды қорғауда (Красноармейская газета Ленинградского фронта «Отанды қорғауда» за 1942-1945г.г.) – Ред. Р.А.Алшанов. – Алматы: Киік, 2008. – 501б.
3. С любовью и уважением. (Т.Әшімбайұлы туралы естеліктер) –А, 1997, 30-46 б.б.

4. Отанды қорғау мен қастерлеу: тарих және тағылым: Академик, экономика ғылымдарының докторы, профессор, майдангер Т.Ә.Әшімбаевтың (1918-1995) әскери – отаншылдық ғұмырбаянын, шығармашылығын, ғылыми еңбегін байыптауға арналған ғылыми практикалық конференция материалдары. –Астана: Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ. – 2008, - 172б.
5. Казахстанская правда, 7 мамыр 2005
6. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. -2017, 12 сәуір

ПОИСК ЗАБЫТЫХ ИМЁН: «УСТНАЯ ИСТОРИЯ» О 1930-Х ГГ. В ФОНДАХ ЦГА НТД

Грибанова Е.М. *кандидат исторических наук, ВНС*
Сарсенова Г.С. *директор, ЦГА НТД, г. Алматы*

Сбор документов и их хранение – главная задача архивов. Государственные архивы пополняются как за счёт документов юридических, так и за счёт физических лиц. Документы последних образуют личные фонды. Их владельцы, или по архивной терминологии «фондообразователи», как правило, известны в той сфере, которой они посвятили свою профессиональную жизнь. Для Центрального государственного архива научно-технической документации это научные и инженерно-технические специалисты в области прикладной науки. На данный момент 19% фондов архива – фонды личного происхождения. Процесс подготовки семейного архива для хранения и использования в составе Национального архивного фонда далеко не так прост, как кажется на первый взгляд. На данном этапе одной из важных его составляющих является фиксация «устной истории», т.е. инициирование и запись воспоминаний фондообразователя или его потомков. Основная цель их написания – отразить профессиональную деятельность фондообразователей, отражение жизни его предков в данной ситуации – цель попутная. В собранных сотрудниками архива мемуарах за последние 3 года, в историях фактически каждой семьи обнаруживался «след» «кровавых пятен» нашей общей политической истории. Порой этот след обозначен пунктирно и не всегда рассказчик, как правило, представитель следующих поколений, осознаёт, отголосками каких событий он является. В этой связи архивисты вынуждены делать краткий исторический экскурс, отвечая на главный вопрос: почему руководство советского государства встало на путь широкомасштабных политических репрессий? Исходная точка – теория марксизма, содержащая немало рациональных зёрен, обогативших теорию ряда гуманитарных отраслей знания. Но в ней содержалась идея о ведущей роли пролетариата и отрицании тех слоев общества, которые располагали частной собственностью, равно как и самой частной собственности. А значит, все имущие слои – враги пролетариев.